

Мәслихаттың 2009 жылғы 2 ақпандағы № 162 "Қостанай қаласында орналасқан салық салу объектісі бірлігінен тіркелген салық ставкаларының мөлшерін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2011 жылғы 29 маусымдағы № 418 шешімі. Қостанай облысы Қостанай қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 26 шілдеде № 9-1-168 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2018 жылғы 28 наурыздағы № 233 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 28.03.2018 № 233 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексіне сәйкес Қостанай қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. "Қостанай қаласында орналасқан салық салу объектісі бірлігінен тіркелген салық ставкаларының мөлшерін бекіту туралы" мәслихаттың 2009 жылғы 2 ақпандағы № 162 шешіміне (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-1-122 тіркелген, 2009 жылдың 9 сәуірінде № 29 "Қостанай " газетінде жарияланған) мына өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы, № 5 сайлау округі бойынша депутаты

Н. Чиченкова

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасы
Қаржы Министрлігі Салық
комитетінің Қостанай облысы
бойынша салық департаментінің
Қостанай қаласы бойынша
салық басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің бастығы

_____ Е. Бексейітов

"Қостанай қаласы әкімдігінің
экономика және бюджеттік
жоспарлау бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің бастығы

_____ Н.Дорошок

Мәслихаттың
2011 жылғы 29 маусымдағы
№ 418 шешіміне қосымша
Мәслихаттың
2009 жылғы 2 ақпандағы
№ 162 шешіміне қосымша

Қостанай қаласында орналасқан салық салу объектісі бірлігінен тіркелген салық ставкаларының мөлшері

№	Салық салу объектісінің атауы	Айына тіркелген салық ставкасы (айлық есептік көрсеткіштерде)
1	бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1
2	біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	2
3	ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1
4	ойын жолы	41
5	карт	2
6	бильярд үстелі	12